



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Важен голос каждого из нас!

РЕФЕРЕНДУМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АҚМАРАЛ ӘЛНАЗАРОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Президентке денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен саланы дамыту перспективасы жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер туралы баяндалды. Министр жалпы және нәрестелер өлімі 15,3 пайызға төмендегенін айтты. Қазақстанда жұқпалы емес аурулардан мерзімінен бұрын қайтыс болғандар саны 25 пайызға азайды. Осылайша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мақсатты көрсеткішіне қол жеткізілді.

Мемлекет басшысына медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, алғашқы медициналық жәрдемді жетілдіру, скрининг

бағдарламаларының аясын кеңейту және ана мен бала денсаулығын қорғау қызметін жаңғырту жөнінде айтылды.

Онкологиялық қызметті дамыту шаралары жалғасып келеді. Астана қаласындағы жаңа онкологиялық кешеннің базасында Протонды терапия орталығы ашылды. Қызылорда және Ақтау қалаларында 2 жаңа ПЭТ/КТ кешені іске қосылды. Барлық өңірде сарапшылық эндоскопия орталықтарының жұмысы жолға қойылды.

Ұлттық ғылыми онкология орталығы мен аймақтардағы бірқатар нысан құрылысы аяқталды.

Бұдан бөлек, МӘМС жүйесіндегі қаржыны бақылауды күшейту, соның ішінде қаражатты

мақсатты жұмсауды мониторингтеу жүйесін автоматтандыру және медициналық қызмет көрсетушілерге талапты қатаңдату шараларына баса назар аударылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Жеке-жеке қызмет көрсететін ақпарат жүйелерін E-Densauluq платформасына біріктіру қолға алынған.

Министр соңғы екі жылда фармацевтика өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі 2,3 есе, ал дәрі-дәрмектің экспорты 1,9 есе өскенін баяндады. Дәрі-дәрмектің 400-ден астам түрін өндіру бойынша 6 инвестициялық келісім жасалды. Олардың жалпы құны 316,3 миллиард теңгеге бағаланған.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевқа саланың кадрлық әлеуетін дамыту, медицина қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету жөнінде ақпарат ұсынылды.

Президент медициналық қызмет сапасын арттыру, саладағы қаржылық тәртіпті қатаңдату, маман даярлау жүйесін жетілдіру, цифрлық жаңғырту жұмыстарын жеделдету және отандық фармацевтика өнеркәсібін өркендету бойынша бірқатар тапсырма берді.

akorda.kz

Сондай-ақ «Наурыз» және «Наурыз – жұмыскер» бағдарламалары бойынша жалпы көлемі 233 млрд теңгеге 8,5 мыңнан астам несие берілді.

Премьер-министр мемлекеттік органдардың беру жоспарларын орындауды, қалаларда қолайлы, жайлы ортаны қалыптастыруға көңіл бөлу және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын озық қарқынмен жүргізуді тапсырды.

Ірі қалаларда, әсіресе әсіресе Астана мен Алматыда құрылыс жұмыстарының көлемі өсіп келеді. Сонымен қатар моноқалалар мен ауылдық жерлердегі тұрғын үй құрылысын дамытуға да көңіл бөлу керек.

Осыған байланысты Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі «Бәйтерек» холдингіне әкімдіктермен бірлесіп, азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыруды жандандыруы тиіс.

Сондай-ақ отырыс барысында құрылыс жұмыстарының сапасына ерекше назар аударылды.

«Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында құрылыс қарқыны қауіпсіздік пен сапаға кесірін тигізбеуі керек екенін атап өтті. Өткенжылдық құрылыстың сапасына қатысты ресми түрде 63 мыңнан астам шағым келіп түскен. Жаңа Құрылыс кодексі осындай олқылықтардың алдын алуға бағыттталып отыр. Ол ескірген нормалардан халықаралық стандарттарға, цифрлық және автоматтандырылған технологияларға көшу арқылы бүкіл саланы жүйелі түрде жаңартуды қамтамасыз етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Құрылыс кодексі аясында мемлекеттік бақылау күшейтілді. Тексеруші органдарға жаңа құралдар, оның ішінде цифрлық технологиялардың кең ауқымы ұсынылды. Нысандарды қабылдап алу кезінде құрылысты бақылау органдары мен төтенше жағдайлар қызметтерінің міндетті түрде қатысуы тетігі енгізілді. Бұл апаттар мен өрт қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Үлестік құрылыс саласында талаптар қатаңдатылды. Мемлекеттің тиісті рұқсаты мен кепілдігі болмаса, құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын тарта алмайды, ал банктер ипотека бермейді. Құжатта сейсмикалық қауіпсіздік талаптарын күшейтуге баса назар аударылған. Сондай-ақ ретсіз және заңсыз құрылыстардың алдын алу, сондай-ақ мектептер мен ауруханалардың сияқты жағдайларды болдырмау үшін түбегейлі жоспарлау жобаларын түзетуге бақылау барынша күшейтілді.

Сонымен қатар құрылыс саласын цифрландыру ісіне

ерекше көңіл бөлінді. Бірыңғай құрылыс порталы саладағы ашықтықты арттырып, әртүрлі жүйелерді «бір терезе» қағидаты бойынша біріктіруге және артық бюрократия мен мерзімдерді қысқартуға мүмкіндік береді.

Премьер-министр Өнеркәсіп және құрылыс, Жасанды интеллект министрліктеріне биылғы шілде айының соңына дейін жобаларды сараптау бойынша жасанды интеллект модульдерінің пилоттық режимдегі жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Маңғыстау, Қызылорда облыстары, Абай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан өңірлерінің әкімдіктеріне 1 маусымға дейін бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарларды Қала құрылысы кадастрына көшіруді жалғастырып, саланы цифрландыру бойынша барлық жоспарды жеделдету тапсырылды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

1. Екінші деңгейлі банктердің коммерциялық ипотекасын жетілдіру бойынша жаңа тәсілдер әзірлеу

Мемлекеттік бағдарламаларға жүктемені азайту мақсатында қолжетімді коммерциялық ипотеканы дамытып, көлемін ұлғайту қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Ұлттық банкпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, екінші деңгейдегі банктердің коммерциялық ипотекасын және тұрғын үймен қамтамасыз ету құралдарын одан әрі жетілдіру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеуі тиіс.

Сонымен қатар «Отбасы банк» өз кезегінде, халықтың осал санаттарын қолдауға баса көңіл бөлуі қажет.

2. Құрылыс кодексі аясында нормативтік актілерді уақтылы жаңарту Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 1 шілдеге дейін нормативтік актілерді жаңартып, қабылдауды, сондай-ақ оларды іске асыру кезінде үздіксіз бақылап отыруды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Құрылыс саласында 38 жаңа жобаны уақтылы іске қосу Құрылыс көлемінің жыл сайын өсуіне байланысты құрылыс материалдарына да сұраныс артып келеді. Сондықтан тапшылық пен бағаның өсуіне жол бермеу, сондай-ақ отандық өндірісті қолдау мақсатында қажетті құрылыс материалдарын өндіру жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Биыл елімізде осындай 38 жаңа жобаны іске қосу жоспарланған. Өнеркәсіп министрлігі «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, олардың уақтылы іске қосылуын қамтамасыз етуі тиіс. Жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

primeminister.kz

185 МЫҢ ОТБАСЫ БАСПАНА ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТТЫ: ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫН САҚТАП, САПАНЫ БАҚЫЛАУДА ЖИ ЖОБАЛАРЫН ЖЕДЕЛДЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкіметінің отырысында тұрғын үй құрылысын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды.

Жиында құрылыс саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұрболат Айдакпенов, сондай-ақ Түркістан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының әкімдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал ететін, ең бастысы, елге пайдасы тиетін нақты нәтижеге қол жеткізу басты мақсат болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл міндетті іске асыруға құрылыс секторының серпін беретіні анық. Өткен



жылы салада 16% деңгейінде өсім сақталды. 20 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 185 мың отбасы баспана жағдайын жақсартты. Биыл да құрылыс қарқынын сақтай отырып, тұрғын үйді қолжетімді ету бағытында жұмысты жалғастыру керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет азаматтар үшін мемлекеттік қолдау құралдарын

алуды оңайлатуға мүмкіндік беретін шаралар кешенін қабылдады. Атап айтқанда, тұрғын үй саясатында негізгі рөл атқаратын Отбасы банкі ұлттық даму институты мәртебесіне ие болды. Тізімдерді цифрлық форматқа көшіру адам факторын барынша азайтып, тұрғын үйді есепке алу мен бөлу рәсімдерінің ашықтығын арттырды.

ҮКІМЕТТЕ ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАРАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен инфляция динамикасы мен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының ахуалына арналған кезекті кеңес өтті.

Азық-түлік инфляциясы төмендеу үрдісін жалғастыруда: желтоқсандағы 13,5%-дан қаңтарда 12,9%-ға, ақпанда 12,7%-ға дейін төмендеді. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, бұған әсер еткен факторлардың бірі — әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізімінің

жаңартылуы. Аталған тізім 19 атаудан 31 атауға дейін кеңейтілді. Бағаның тұрақтануына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылаудың күшейтілуі де ықпал етуде.

Жыл басынан бері Сауда комитеті тиісті талаптарды бұзғаны үшін 800-ден астам әкімшілік іс тіркеді. Жалпы ел бойынша инфляция бесінші ай қатарынан баяулап келеді — 2025 жылдың қыркүйектегі 12,9%-дан 2026 жылғы ақпанда 11,7%-ға дейін төмендеді. Наурыз айының алғашқы аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 0,1%-ды құрады. Өдетте наурыз айында маусымдық баға өсімі байқалады. Дегенмен Сауда және интеграция министрлігі оны қосымша баға акцияларын ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін кеңейту арқылы тежеуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар көрші елдерден көкөніс өнімдерін жеткізуге арналған «жасыл дәліз» механизмі де өз жұмысын жалғастыруда. Кеңесте сүт өнімдерінің қымбаттағаны аталды. Бұл, ең алдымен, негізгі шикізат — шикі сүт құнының өсуімен байланысты. Бұдан бөлек, энергия ресурстары бағасының артуы мен өндірістік шығындардың көбеюі де әсер етуде. Айта кету керек, сүт өнімдері азық-түлік инфляциясының құрылымында елеулі үлеске ие — шамамен 6,3%.

Осыған байланысты Сауда және интеграция министрлігі сүт өңдеу кәсіпорындарын қолдау тетіктерін қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ нан саласын қолдау шараларын пысықтау ұсынылды. Атап айтқанда, кәсіпорындарды арзандатылған астық және ұнмен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп тиісті шикізатты теміржол арқылы тасымалдау тарифтерін төмендету мүмкіндігін қарастыру мәселесі көтерілді. Вице-премьер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерді қолдаудың тиімді тетіктерін әзірлеу үшін елде жұмыс істеп тұрған 42 сүт өңдеу кәсіпорнындағы өнім бағасының қалыптасуына жан-жақты талдау жүргізуді тапсырды. Кеңесте Жамбыл облысындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының жағдайы да жеке қаралды.

Азық-түлік инфляциясының деңгейі бойынша өңір елде бесінші орында, ал әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі бойынша алтыншы орында тұр. Қазіргі уақытта облыста 1982 дүкен жұмыс істейді, оның 69-ы ірі сауда желілері. Өңір нарығын шамамен 50 ірі өндіруші қамтамасыз етеді. Олардың ішінде отандық өнімнің үлесі 43%-ды, ал импорттық өнім шамамен 30%-ды құрайды. Сондай-ақ өңірде сүтті терең өңдейтін 19 кәсіпорын және ет өңдейтін 38 кәсіпорын жұмыс істейді. 2025 жылы облыста 230 мың тонна сүт өндіріліп, оның 107,7 мың тоннасы өңделген.

Сонымен қатар 75,3 мың тонна ет өндіріліп, оның 43%-дан астамы қайта өңдеуден өткен. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіретін 11 кәсіпорын үшін электр энергиясына жеңілдетілген тарифтер қарастырылған. Кеңес барысында тұрақтандыру қорларындағы көкөніс өнімдерін сату қарқынының төмен екені де айтылды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың мәліметінше, қазіргі таңда картоп қорының 56%-ы, сәбіз бен пияздың 55%-ы, ал қырыққабаттың 58%-ы сатылған. Бұл бағыттағы жұмыс қарқыны Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда және Ұлытау облыстарында баяу жүріп жатқаны байқалады. Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Сауда комитетіне өңірлердегі тұрақтандыру қорларына тексеріс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ әкімдіктердің есептік деректерінде көрсетілген өнімдердің нақты бар-жоғын анықтау міндеті қойылды.

primeminister.kz

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ «АТАМЕКЕН» ҰКП БАСШЫЛЫҒЫМЕН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар өңірдегі шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау және инвестиция тарту мақсатында тиімді өзара іс-қимылды жолға қою мәселелерін талқылады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Басқосуда Бейбіт Исабаев: — Кәсіпкерлік — экономикалық өсудің, жаңа жұмыс орындарын ашудың және халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі қозғаушы күші. Бұл бағытта дамыту мен қолдауға ел Президенті ерекше көңіл бөліп келеді. Осыған байланысты Жетісу облысында инвестициялық ахуалды жақсарту, инфрақұрылымды дамыту, бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салалары да белсенді дамып келеді. Біз өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамамен 65%-ын өзімізде өңдейміз. Дамудың тағы бір маңызды бағыты — туризм. Жалпы өңірде барлық салаларда кәсіпкерлік бастамаларды қолдау жұмыстары тұрақты жүргізіледі, — деді облыс әкімі.

Бұл ретте өңір басшысы бірқатар ірі инвестициялық жобаларды, соның ішінде металлургиялық комбинаттың, Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласының, сондай-ақ жүк және жолаушыларға арналған әуежайдың құрылысын атап өтті. Сонымен қатар өнеркәсіп саласын дамыту мәселесіне де тоқталып, бұл кездесу Жетісу өңіріндегі шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға маңызды серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Қанат Шарлапаев кәсіпкерлікті қолдау бағытында қабылданып жатқан шараларға тоқталды:

— Біздегі іскерлік климаттың ішкі рейтингісіне сәйкес, Жетісу облысы республика бойынша шағын және орта бизнес сегментінде алтыншы орында тұр. Инвестиция тарту бойынша да жақсы нәтижелер бар. Жалпы өңірдің әлеуеті жоғары, оған географиялық орналасуы жағынан қолайлылығы да ықпал етеді. Өз тарапымыздан біз өңірдегі кәсіпкерлік саласына қолдау көрсетуді жалғастырамыз, — деген ол жуық арада елдің барлық өңірін қамтитын шағын және орта бизнесті қолдауға арналған жаңа «Іскер аймақ» бағдарламасын іске қосу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Кездесу соңында тараптар жергілікті кәсіпкерлікті қолдаудың өзекті мәселелерін талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

Атап өтсек, Жетісу облысында шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 62 мыңнан асады. Бұл салада шамамен 110 мың адам жұмыс істейді. Сонымен қатар өңір экономикасындағы ШОБ үлесі - 33,2%. Жалпы соңғы үш жылда аймаққа 1,5 трлн теңге инвестиция тартылған.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев
Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУДА ПОЛИЦИЯ ҚАУІПСІЗДІКТІ ДРОНДАР АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

Құқық қорғау жүйесін цифрландыру — бүгінгі күннің шындығы. Жетісу облысының полициясы жеделдікке, дәлдікке және құқық бұзушылықтың алдын алуға басымдық бере отырып, ұшқышсыз басқарылатын технологияларды белсенді түрде қолдануда. Бүгінде полиция қызметкерлерінің қарамағында күнделікті қызметте де, арнайы іс-шаралар барысында да пайдаланылатын 48 заманауи дрон бар.



Негізгі бағыттардың бірі — жол-көлік оқиғаларын тіркеу. 500 метрге дейінгі биіктіктен дрондар жол-көлік оқиғасы орын алған жердің егжей-тегжейлі фотограмметриялық карталарын жасайды. Бұл жағдайды жедел бағалауға, оқиғаның нақты көрінісін объективті түрде тіркеуге және жолды жабу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Ұшқышсыз аппараттар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету кезінде де көңінен қолданылады. Олар жаппай іс-шараларды бақылауға, жедел ахуалды мониторингтеуге және құқық бұзушылықтарды нақты уақыт режимінде анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар дрондар периметрлер мен стратегиялық нысандарды күзету барысында заңсыз кіру фактілерін тіркеу үшін пайдаланылады.

Жеке бағыт ретінде экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау да қарастырылған. Атап айтқанда қоқысты заңсыз тастау, орманды заңсыз кесу, қалдықтарды төгу және браконьерлік фактілері дрондар арқылы әшкереленуде. Жылу бейнелеуіштермен жабдықталған аппараттар құқық бұзушыларды түнгі уақытта және жетуді қиын аумақтарда да анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда облыс аумағында дрондардың көмегімен 232 құқық бұзушылық анықталды. Алайда олардың басты мақсаты — алдын алу. Өуе арқылы бақылаудың өзі азаматтарды тәртіпке шақырып, құқық бұзушылық тәуекелдерін едәуір төмендетеді.



- Заманауи технологиялар бізге жы л д а м ы р а қ , дәлірек әрі қауіпсіз әрекет етуге мүмкіндік береді. Дрондар — бұл жай ғана техника емес, а з а м а т т а р д ы ң қ а у і п с і з д і г і ң қ а м т а м а с ы з е т е т і н тиімді профилактикалық құрал, — деп атап өтті Жетісу о б л ы с ы н ы ң полициялері.

Дереккөз: ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми интернет ресурсы

БРУЦЕЛЛЕЗ - ҚАУІПТІ, БІРАҚ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАТЫН АУРУ

Бруцеллез — адам мен жануарларға ортақ жұқпалы аурулардың бірі. Бұл ауру көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақтарда кездеседі және мал шаруашылығымен байланысты адамдар арасында жиі тіркеледі. Сондықтан бруцеллездің алдын алу және оның қауіптілігі туралы халықтың хабардар болуы өте маңызды.

Бруцеллез ауруының қоздырғышы — бруцелла деп аталатын бактериялар. Ауру көбінесе ірі қара, қой, ешкі сияқты ауыл шаруашылығы жануарларынан жұғады. Адамға инфекция көбіне ауру малмен тікелей байланыста болған кезде, сондай-ақ пастерленбеген сүтті және дұрыс термиялық өңдеуден өтпеген ет өнімдерін тұтыну арқылы берілуі мүмкін.

Бруцеллездің негізгі белгілеріне дене қызуының көтерілуі, қатты тершеңдік, әлсіздік, бас ауруы, буын және бұлшық еттердің ауруы жатады. Кейбір жағдайларда ауру созылмалы түрге ауысып, адамның жалпы денсаулығына ұзақ уақыт әсер етуі мүмкін.

Аурудың алдын алу үшін бірнеше маңызды ережелерді сақтау қажет. Ең алдымен, малды уақытылы ветеринариялық тексеруден өткізу және ауру мал анықталған жағдайда оны оқшаулау маңызды.

Мал шаруашылығында жұмыс істейтін адамдар жеке қорғаныс құралдарын пайдаланып, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауы тиіс. Сонымен қатар шикі сүтті қайнатпай ішуге болмайды. Сүт және сүт өнімдері міндетті түрде термиялық өңдеуден өтуі керек.

Ет өнімдерін де толық пісіріп тұтыну қажет. Бруцеллездің алдын алуда халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, санитариялық мәдениетті арттыру және ветеринариялық бақылауды күшейту маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, бруцеллез — адам денсаулығына қауіп төндіретін аурулардың бірі. Дегенмен қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы бұл аурудың алдын алуға болады. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік талаптарын сақтауы қажет.

Е.Сейсембинов ,
Ескелді СЭБ басқарма басшысы

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНА АРБАТ (ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР АЙМАҒЫН) ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН, МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 84, 85, 86, 107, 109-баптарын «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 12-3)-тармақшасын, «Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 16 қаңтардағы Қарабұлақ ауылының бас жоспарына сәйкес, арбат (жаяу жүргіншілер аймағын) орналастыру туралы №94-02-06/7-И хатын басшылыққа ала отырып, Ескелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:-

1. «Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ескелді ауданының мәслихатымен бекітілген (12.12.2023 жылғы №17-51) Қарабұлақ ауылының бас жоспарына енгізілген түзетулерге сәйкес, әмбебап нарық аумағы орналасқан жерге елді мекендердің ортақ пайдалануына, Қарабұлақ ауылына арбат (жаяу жүргіншілер аймағын) орналастыру мақсатында, мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға жататын жер учаскесі осы қаулының қосымшасына сәйкес, мәжбүрлеп иеліктен шығару, соның ішінде сатып алу жолымен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын жер учаскесінің меншік иесі көрсетілген қаулымен келіспеген жағдайда мәжбүрлеп иеліктен мерзімін хабарлама алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, жер учаскесінің мәжбүрлеп шығарудың күні 2026 жылдың 31-желтоқсанына дейін деп айқындалсын.

3. Мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыру меншік иесінің жүгінетін орыны «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, мекен жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, №65 ғимараттың 3 қабат, 18 бөлме. Байланыс телефоны 3-17-68.

4. «Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей, меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама таратсын.

6. «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мен «Ескелді ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемелеріне:

- 1) мемлекет мұқтажына түсетін жер учаскелерге 2 ай мерзімі ішінде қанша қаражат қажет ететінін анықтасын;
- 2) меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар хабарлама алғаннан кейін Ескелді аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясында қарау мен келісу үшін жер учаскесін сатып алу шарттарының жобаларын ұсынуға материалдарды дайындасын;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған өзге де өкілеттіктер жүзеге асырылсын.
- 4) Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары А. Исабековке жүктелсін.

Е. Ахметов
Ескелді ауданының әкімі

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНА АРБАТ (ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР АЙМАҒЫН) ОРНАЛАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА, МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ ТІЗБЕСІ

Реттік нөмірі	Жер пайдаланушының аты-жөні	Кадастрлық нөмірі	Меншік құқығы	Мемлекет мұқтажы үшін алынуға жататын жер учаскесінің алаңы, га	Мемлекет мұқтажы үшін алынуға жататын жер учаскесінің мекен жайы
1	Куцанова Гульшат Кульмухановна	24-264-035-955	Жеке меншік	0,1882	Қарабұлақ ауылы, Балпық би көшесі №101 «Г»

Қ. Қожахметов,
Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысы.

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ – НОВЫЙ ЭТАП РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!
www.election.gov.kz

Конституция является основным законом любого государства и играет важную роль в развитии общества. Она определяет права и свободы граждан, регулирует деятельность органов власти и устанавливает основные принципы государственного устройства. Поэтому принятие новой Конституции или внесение в нее изменений всегда становится важным событием в жизни страны.

Новая Конституция отражает современные требования общества и направлена на дальнейшее развитие демократических ценностей. Она способствует укреплению принципов справедливости, законности и равенства перед законом. Благодаря этому создаются благоприятные условия для стабильного развития государства и повышения уровня жизни граждан.

Одним из важных направлений новой Конституции является совершенствование системы государственного управления. Усиливается роль Парламента, расширяются его полномочия, повышается ответственность государственных органов перед обществом. Такие изменения помогают установить баланс между ветвями власти и делают политическую систему более эффективной и открытой.

Особое внимание в новой Конституции уделяется защите прав и свобод человека. Укрепляются механизмы их защиты, а граждане получают больше возможностей для участия в общественной и политической жизни страны. Это способствует формированию активного гражданского общества и повышает доверие людей к государственным институтам.

Кроме того, новая Конституция служит основой для дальнейших социально-экономических реформ. Она создает правовую базу для устойчивого развития экономики, укрепления социальной справедливости и повышения благосостояния народа.

Таким образом, новая Конституция является важным шагом на пути к обновлению и развитию государства. Она открывает новые возможности для укрепления демократии, повышения эффективности управления и построения справедливого и процветающего общества.

А. Таканова

СУ ҚҰБЫРЫ ЖЕЛІЛЕРІН ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ДЕЗИНФЕКЦИЈАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Су құбыры желілерін тазалау және дезинфекциялау — халықты қауіпсіз әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің кепілі. Бұл процесс су арқылы таралатын жұқпалы аурулардың (холера, дизентерия, іш сүзегі және т.б.) алдын алу үшін жүргізіледі.

Су құбыры желілерін тазалау және дезинфекциялау (хлорлау) кезінде қауіпсіздік техникасын қатаң сақтау — қызметкерлердің денсаулығы мен халық қауіпсіздігі үшін маңызды. Жұмыс жеке қорғаныс құралдарымен (арнайы киім, респиратор, қолғап), желдетуді қамтамасыз ете отырып және хлор құралдарын қолдану ережелерін сапай жүргізілуі тиіс. Жұмыс аймағында бейберекет адамдар болмауы керек.

Су құбырларын дезинфекциялау келесі жағдайларда міндетті түрде орындалады:

- Жаңа желілер: Жаңадан салынған құбырларды іске қосар алдында.
- Жөндей жұмыстары: Құбырлардағы апаттарды жойып, қайта қосу кезінде.

- Профилактика: Көктемгі және күзгі кезеңдерде су сапасын сақтау үшін жылына кемінде екі рет.

- Төтенше жағдайлар: Су тасқынынан кейін санитарлық жағдайды қалпына келтіру мақсатында.

Жұмыс кезеңдері.

Процесс бірнеше жүйелі қадамдардан тұрады:

Жуу (Тазалау): Құбыр ішіндегі тұнбаларды, тотты және механикалық қоспаларды жоғары қысымды сумен немесе арнайы құрылғылармен (пиггинг) тазарту.

Дезинфекциялау (Хлорлау): Құбырларға белсенді хлор ерітіндісі жіберіледі. Ерітіндінің концентрациясы мен экспозиция (күту) уақыты (әдетте 5-24 сағат) бекітілген нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

Қайта шаю: Хлордың қалдық мөлшері нормаға (0,3-0,5 мг/л) жеткенше құбырларды таза сумен мұқият шаю.

Зертханалық бақылау: Судан сынама алынып, бактериологиялық және физикалық-химиялық талдау жүргізіледі. Тек зертхананың оң қорытындысынан кейін ғана суды тұтынушыларға беруге рұқсат етіледі.

Су құбыры желілерін тазалау және дезинфекциялау кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

Жеке қорғаныс құралдары: Хлорлы ерітінділермен жұмыс істегенде қызметкерлер міндетті түрде резеңке қолғап, қорғаныш көзілдіргі, арнайы алжапқыш және респиратор киюі керек.

Қауіпсіздік шаралары

Жұмыс кезінде мамандар жеке қорғаныс құралдарын (газқағар, арнайы киім) пайдалануы керек. Тұтынушыларға дезинфекция уақыты мен суды ішуге болмайтындығы туралы алдын ала хабарлау — міндетті талап.

Е.Сейсембинов
Ескелді аудандық
СЗБ басқарма басшысы
Д.Бектенов, жетекші маман

ТҰҒЫРЫ БИІК ТУҒАН ТІЛ



Тіл – әр ұлттың жаны, рухы және тарихының айнасы. Адам дүниеге келген сәттен бастап ең алғаш еститіні – ана тілінің үні. Сондықтан туған тіл әрбір адам үшін қастерлі де қасиетті.

Қазақ халқы үшін де ана тілі – ұлттық болмысы мен мәдениетін сақтап келе жатқан ең құнды мұра. Қазақ тілі – тарихы терең, тұғыры биік тілдердің бірі. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз осы тіл арқылы өз ойларын жеткізіп, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, даналығын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған.

Батырлар жыры, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер – осының барлығы қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін көрсетеді. Осындай асыл мұралар арқылы халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Туған тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың бірлігін нығайтатын күш. Ана тілін құрметтеген халық өзінің мәдениетін, тарихын және ұлттық құндылықтарын сақтай алады. Сондықтан әрбір азамат өз тілін білуге, оны дамытуға және қадірлеуге міндетті.

Бүгінгі таңда қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекет тарапынан тілді дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мектептерде, жоғары оқу орындарында, түрлі мекемелерде қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп, оның мәртебесі артып отыр. Әсіресе мемлекеттік органдар мен құқық қорғау жүйесінде қазақ тілінің рөлі ерекше. Сот саласында мемлекеттік тілдің қолданылуы – әділдік пен заң үстемдігінің маңызды бөлігі. Азаматтар сотқа жүгінген кезде өз ана тілінде сөйлеуге, арыз-шағымдарын мемлекеттік тілде жазуға құқылы. Сот отырыстарында, құжаттарды рәсімдеуде және сот шешімдерін шығаруда қазақ тілін қолдану – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың нақты көрінісі.

Бұл халықтың сот жүйесіне деген сенімін күшейтіп, әр азаматтың құқықтарының толық қорғалуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сот қызметкерлері мен заң саласының мамандары мемлекеттік тілді жетік меңгеруі өте маңызды. Өйткені заң тілі нақты, түсінікті әрі сауатты болуы тиіс. Қазақ тілінде дайындалған құқықтық құжаттар мен сот шешімдері азаматтарға заңды дұрыс түсінуге және өз құқықтарын қорғауға көмектеседі.

Қорытындылай келе, тұғыры биік туған тіл – халықтың ең асыл қазынасы. Ана тілін құрметтеу – елге, тарихқа және болашаққа деген құрмет. Әсіресе сот саласында мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы оның беделін арттырып, қоғамдағы әділдік пен заңдылықтың нығаюына ықпал етеді. Сондықтан туған тілімізді әрдайым қадірлеп, оны дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Біржан ДОСЫМБЕКОВ
Ескелді аудандық сотының
бас маман-сот отырысының хатшысы

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА

Важен голос каждого из нас!

РЕФЕРЕНДУМ

ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?

Для голосования на республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. Перейдя по рассылаемым от официальных источников ссылкам, таких как Egov mobile, банки второго уровня (Kaspi Bank, Halyk Bank) и SMS-оповещения операторов связи, либо просканировав ниже опубликованный QR-код, граждане смогут перейти на специальный раздел сайта, где посредством ввода ИИН определят свой участок референдума.

2. посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населённого пункта по месту жительства можно уточнить информацию об участке для голосования. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов.

Важен голос каждого из нас!
Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

ҚР-ң Академиясының профессор, Социалистік Ғылым академигі Еңбек Ері, ауылшаруашылық ғылымының докторы Асанов Қасым Әбуұлының туғанына 95 жыл толуына орай

ЕҢБЕК ЕРІНІҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ



Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және т.б. республикалар Президенттерінің отырғызған ағаштары бар.

1982 жылы азық өндірісі және жайылым шаруашылығы саласындағы көрнекті ғылыми жетістіктері үшін Қ.Ә.Асанов ВАСХНИЛ корреспондент-мүшесі болып сайланды, ал 1988 жылы ВАСХНИЛ (қазір – Ресей ауылшаруашылық ғылымдар академиясы) ақпараттық мүшесі болды.

1987-2003 жылдар аралығында – «Азық және жайылым» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры, Қазақ азық және жайылым институтының директоры қызметтерін атқарды. Оның жетекшілігімен республикалық мақсаттық ғылыми-техникалық «Азық және жайылым» бағдарламасы қалыптасты, нәтижесінде республиканың жайы-

лау, суарылатын және жайылым жерлерінде өндіріс мәселелері шешілді. Зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде мәдени жайлауларды қолдану, жасау өндіріс жүйесі әзірленді және жасалды.

2003 - 2008 жылдар аралығында - РМК «Жануртану және ветеринария ғылыми - өндірістік орталығының» бас ғылыми кеңесшісі, Қазақстанның жайлау аумақтарын суару және қуаңшылықты болдырмау бағдарламасының жетекшісі. Осы кезеңде Нарын шөліндегі жайлау аумақтарына баға берілген (ені 2,5 млн. га), экологиялық жайлаулар мәселелеріне жаңа әдістемелік мақсаттар негізінде, биологиялық, физикалық және әлеуметтік шөлейттің индикаторларын әзірлеу жолдары зерттелген. Ол республиканың азық өндірісі және жайлау шаруашылығы саласындағы мамандарды, ғылыми кадрларды әзірлеуге орасан зор үлес қосты.

Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен ғылымдар тобы Қ.Ә.Асановтың басшылығымен, алғаш рет мемлекеттің жоғары оқу орындарында жоғары білікті кадрларды даярлау басталды – жайлау шаруашылығына қажетті инженер – мелиораторларды даярлады. Азықшылар және жайлаушылар үшін аспирантура ашылды. Көп жылдары ол докторлық және кандидаттық диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы болды, ол 30-дан астам ғылым докторы мен ғылым кандидаттарын дайындады және оның жетекшілігімен қазақстандық жайлаушылар ғылымдарының мектебі қалыптасты.

Қасым Асанов 150 ғылыми еңбектер, азық өндірісі және жайлау шаруашылығының маңызды мәселелері бойынша 11 монография және көптеген оқулықтар жариялады. Ол елімізде алғашқы «Қазақстанның жайлау шаруашылығы» оқулығының авторы болып табылады, қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шықты. Оқулық Жапонияда, JIRCAS орталығында ағылшын тілінде шықты. Сондай-ақ, Қазақстан ғылымын көптеген халықаралық конгресстер мен конференцияларда паш етті: Оттава, Канада – 1967, Мадрид, Испания – 1982, Киото, Жапон – 1985, Ницца, Франция - 1989,

Китай- 1995, АҚШ- 1997, Лондон, Ұлыбритания – 1998, Токио, Жапон- 2000.

Қасым Асановтың бүкіл өмірінде оның ғылыми жұмысы мен қоғамдық қызметі табыстылықпен үйлескен. Бірнеше рет Алматы, Талдықорған, Шымкент облыстық халықтық депутаттар кеңесіне депутат және Қазақстан ОК съездерінің делегаты болып сайланды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап шөлейтпен күрес халықаралық қорының Президенті, ҚР Үкіметі жанындағы есірткіні бақылау ғылыми – үйлестіру кеңесінің төрағасы, «Нұр Отан» республикалық саяси партиясы саяси кеңесінің мүшесі болып табылады.

Алматы облысының Құрметті азаматы, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Құрметті азаматы, Алматы облысы Талғар ауданының Құрметті азаматы атақтарына ие болған және өндірістік саладағы жемісті ғылыми және қоғамдық қызметі үшін мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды.

Халқымыздың «Ердің атын еңбек шығарады» деген сөзі рас. Қасым Әбуұлы Асанов мал шаруашылығы саласында ұзақ жылдар еселі еңбек етіп, жұмыстың көрігін қыздырды. Еселі еңбек пен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында елеулі нәтижеге жетіп, озаттар қатарынан көрінді. Ел қазынасының артып, ауыл шаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосты. Сан жылғы тынымсыз еңбек, төккен тер тегін кетпеді. Кеңес кезеңінде де, Тәуелсіздік жылдары да еліміздің түрлі дәрежедегі орден-медальдарымен, төсбелгілерімен, алғысхаттарымен марапатталды. Атап айтқанда, «Құрмет белгісі» Ордені – 1958ж., Алтын Жұлдыз және Ленин Ордені – 1966ж., Қызыл Ту Еңбек Ордені – 1976ж., Қазан Революциясы Ордені – 1981ж., «Халықтар достастығы» Ордені – 1986ж., Совет Одағының үш медалі – 1981ж., ҚР Жоғарғы Кеңесі грамотасы – 1964ж., ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау хаты, «Парасат» ордені – 2007ж.

Қасым Әбуұлы Асановтың тәлімді еңбегі бүкіл аймаққа қадірлі тұлға – қашан да елдің құты.

А.Есбосынова, Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің қор сақтаушысы

Әр адам адал жолмен еңбек етіп, бар маңдай терін төксе ғана жұмысының жемісін көре алатыны ақиқат. Қазақ халқымызда «Еңбегімен ер сыйлы, еңбегімен жер сыйлы» деген сөз бар. Шаруа жайын ерте көктемнен таңмен таласа тұрып, кеш қарайғанға дейін егіс даласында дамылсыз еңбек етіп, нәпақамды адалынан табамын деген шаруалар білетіні анық. Өйткені, егістіктің сыры иесіне мәлім. Кез келген салада өз үлесімізді қоссақ ел экономикасының артуына септігін тигізетіні сөзсіз. Дана халқымыз қашанда «Шығар биігің тұғырлы болсын!» деген сөзді болашағынан мол үміт күттіретін тұлғалы азаматтарға арнап айтады. Соның бірі, бірегейі, Нұрмолда Алдабергеновтың шәкірті, Социалистік Еңбек Ері көрнекті ғалым – аграршы, Отандық тағам өндірісі ғылыми мектебінің негізін қалаушы, 150- ден астам ғылыми еңбектің, 11 монография мен оқулықтың авторы, көрнекті қоғам қайраткері - Асанов Қасым Әбуұлы. Ол 1931 жылы 1 қаңтарда, Атырау облысы, Өтері ауылында дүниеге келген. Балалық шағы Балықшы ауданы Тасқала (Алғабас) ауылында өткен.

1947 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтына түсіп, институтты бітіргеннен кейін 1952 жылы Маңғыстау республикалық ауылшаруашылық институтының бас маман қызметін атқарды. 1953 жылы К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясын тәмамдап, ҚазАШИ-да аға оқытушы міндетін атқарды.

1955 жылы «үшмыңдықтар» қатарында партия және үкімет үндеуімен ауылды көтеруге Алматы облысына жіберілді, онда 15 жылдай әр түрлі лауазымда қызмет етті. 1965 жылы Алматы облысының КОКП XXII съезі атындағы колхоздың (қазіргі Алдабергенов ауылында) төрағасы қызметіне тағайындалып, Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды, «Алтын жұлдыз» және Ленин Орденімен марапатталған. Колхозшылардың өтініші бойынша колхоз орталығына Санкт- Петербург қаласында қоладан жасалған мүсіні қойылған.

1969 - 1973 жылдары докторант, кейіннен К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясының аға ғылыми қызметкері болды. 1972 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

1973 - 1988 жылдар аралығында Шымкент ауылшаруашылық тәжірибесі станциясының, Шымкент совхоз техникумы мен дендрологиялық паркінші директоры қызметін атқарды. Оның құрған дендрологиялық парк Орталық Азия мен Қазақстандағы алғашқы парк болып табылады. Ол өзінің еркеше бай флорасымен ерекшеленеді, 210 мыңнан астам түрлі өсімдіктері бар, ғылыми- танымдық мәні зор, шетелдік делегациялар келетін бастаны нысан болды. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қойған гранитті постаменте, дендропарктің негізін қалаған академик Қ.Ә. Асанов есімі, дендропарк экспозициясын құратын өсімдіктер түрлерінің тізімі және географиялық аймақтың флорасы көрсетілген. Мұнда құрметті қонақтар Аллеясы, Қазақстан,

лау, суарылатын және жайылым жерлерінде өндіріс мәселелері шешілді. Зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде мәдени жайлауларды қолдану, жасау өндіріс жүйесі әзірленді және жасалды. Академик Қ.Ә. Асановтың тікелей жетекшілігімен аймақтарда демеу пункттерінің желісі пайда болды. Каспий теңізі, Волга және Орал жағалауындағы аудандардың жайлау шаруашылығын жақсарту бойынша жобалар әзірленді. Атырау қаласында азық өндірісі және жайлау Ғылыми- зерттеу институтының Батыс бөлімі құрылды.

Қ.Ә.Асанов жетекшілік еткен жылдары, тек Қазақстан Республикасында ғана емес, сонымен қатар алыс және жақын шетелде танылған, Қазақ азық өндірісі және жайлау Ғылыми- зерттеу институты ірі ғылыми орталыққа айналды. Ол Халықаралық ICARDA ғылыми орталығы, Калифорния штаттарының университеттері, Колорадо және Вашингтон (АҚШ), халықаралық даму орталығы және жерді пайдалану

институты (Ұлыбритания), Дала институты (ҚХР) ғалымдарымен бірлесіп өткізетін экология жайлауы бойынша ғылыми зерттеулер бағдарламаларының жетекшісі болып табылады.

2003 - 2008 жылдар аралығында - РМК «Жануртану және ветеринария ғылыми - өндірістік орталығының» бас ғылыми кеңесшісі, Қазақстанның жайлау аумақтарын суару және қуаңшылықты болдырмау бағдарламасының жетекшісі. Осы кезеңде Нарын шөліндегі жайлау аумақтарына баға берілген (ені 2,5 млн. га), экологиялық жайлаулар мәселелеріне жаңа әдістемелік мақсаттар негізінде, биологиялық, физикалық және әлеуметтік шөлейттің индикаторларын әзірлеу жолдары зерттелген. Ол республиканың азық өндірісі және жайлау шаруашылығы саласындағы мамандарды, ғылыми кадрларды әзірлеуге орасан зор үлес қосты.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН ЖАҢАРУДЫҢ НЕГІЗІ

Жаңа Конституция – қоғамдағы өзекті мәселелер мен халықтың сұраныстарын ескере отырып қабылданған маңызды тарихи құжат. Ол билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға және елдегі басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған кең ауқымды өзгерістерді қамтиды. Қабылданған жаңа конституциялық нормалар азаматтық қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісін

халықаралық талаптарға сай жаңа деңгейге көтеруге жағдай жасады. Бұл өзгерістер мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға ықпал етеді. Конституцияға енгізілген маңызды өзгерістердің бірі – суперпрезиденттік басқару жүйесінен біртіндеп бас тартып, билік тармақтары арасындағы теңгерімді күшейту. Осы арқылы Парламенттің рөлі артып, заң шығару билігінің өкілеттіктері

кеңейе түсті. Сонымен қатар, депутаттардың жауапкершілігі де арта түсті. Олар заң шығару сапасын жақсартуға, мемлекеттік бюджетті бақылауға және халық алдындағы есеп беру мәдениетін дамытуға бағытталған жаңа міндеттерді атқаруға тиіс. Жаңа Конституциядағы маңызды жаңалықтардың бірі – Конституциялық соттың құрылуы. Бұл орган азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін маңызды институт болып саналады. Енді әрбір азамат өзінің конституциялық құқықтары бұзылған жағдайда осы сотқа тікелей жүгіну мүмкіндігіне ие болды. Жалпы алғанда, жаңа Конституция тек саяси құжат қана емес. Ол әлеуметтік-экономикалық реформалардың құқықтық негізін қалыптастырып, елдің болашақ

даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат ретінде үлкен маңызға ие.

Аталған өзгерістер ұлттық байлықты әділ пайдалану, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту және әділетті қоғам құру мақсатында жаңа құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Конституцияға енгізілген бұл өзгерістер елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге негіз болады. Бұл – әділетті әрі өркендеген жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды тарихи қадам.

Амина Талғатқызы

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ- НАУРЫЗНАМА

ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ ЕР АНА



Наурыз – қазақ халқының ең көне әрі қастерлі мерекелерінің бірі. Бұл күн – табиғат жаңарып, күн мен түн теңеліп, жаңа жылдың басталуын білдіретін ерекше мереке. Наурыз – бірлік пен татулықтың, жаңару мен жақсылықтың нышаны. Соңғы жылдары елімізде «Наурыз мерекесі- Наурызнама» атты 10 күндік іс-шаралар аясында кеңінен аталып өтуде. Бұл күндері ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу, мәдени құндылықтарды насихаттау және қоғамдағы бірлікті нығайту мақсатында түрлі мәдени-рухани шаралар ұйымдастырылады. Осыған орай Ескелді аудандық кітапханасында да Наурызнама онкүндігі аясында кітап көрмелері, танымдық кездесулер, әдеби сағаттар мен оқырмандарға арналған түрлі іс-шаралар өткізілуде. Бұл шаралар арқылы ұлттық мұрамызды насихаттап, жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру көзделеді. Ескелді аудандық кітапханасы барша оқырмандарды Ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтайды. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! А.Берекполова, Ескелді аудандық кітапханасының әдіскері

Социалистік Еңбек Ері Аударбекова Тәшенбаланың туғанына 120 жыл толуына орай А д а м з а т т ы ң жер бетінде қаншалықты өмір сүріп қандай сыйға еге болуы дұрыс еңбек ете білудің жемісі болады. Ал қайғы-қасірет те ұрпақтың азуы мен жер бетіндегі х а л ы қ т а р д ы ң жоғалып кетуі де еңбек етудің мақсаты өзгеруіне б а й л а н ы с т ы . Сондықтан әрбір сынақ еңбекке беріледі. Сый да еткен еңбегіңе қарай з е й н е т т е л е д і . Еңбектің адам баласының өсіп жетілуіне, абыройға, беделге ие болуына тигізетін әсері зор. Осыған сәйкес атақты еңбек адамдарының еңбек пен даңқы шыққан ер адамзаттардың қызметтерін неге атамасқа?! «Жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бекер айтылмаса керек. Елімізде кезінде мемлекеттің алға қойған міндеттерін өз дәрежесінде орындау үшін білім-тәжірибелері мен қажыр-қайратын барынша жұмсап, халықтың хал жағдайын жақсарту үшін қызмет екен жандар көптеп саналады. Алдабергенов ауылында еңбектен бақытын тауып, өздерінің саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан, жер-анаға деген борышын адал ақтаған абзал азаматтарымыз бен аяулы апаларымыз көптеп саналады. Олардың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орынға ие. Қазақ елінің шежірелі тарихы, даңқты еңбек дәстүрінде есімі алтын өріппен жазылған қадау- қадау қадірі артқан перзенттерінің бел ортасында жазиралы Жетісудың төл перзенті Социалистік Еңбек Ері, батырлар мекені аталған – Алдабергенов ауылында қант қызылшасын өсірушілер зеносының жетекшісі болған, адал еңбегімен ел құрметіне бөленген, Социалистік Еңбек Ері атағын алған Аударбекова Тәшенбала 1906 жылы Шұбар қазіргі Алдабергенов ауылында дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1930 жылы «Жаңа талап» колхозында колхозшы болып бастады. Жаңа өмірге қызу араласты. Аударбекова Тәшенбала Ұлы Отан соғысы кезінде ол бүкіл Совет халқымен бірге колхоз даласында қажырлы еңбек етіп, жауды жеңіп шығуға өзінің сүбелі үлесін қосты. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Озат колхозшы звено жетекшілігіне жоғарылатылды. Аударбекова Тәшенбала көрсетілген сенімге қажырлы еңбегімен жауап берді. Еңбек Ері Аударбекова Тәшенбаланың зеносы 1947 жылы аса көрнекті табысқа жетті, 5 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 820 центнерден өнім алды. Кішіпейіл, қарапайым қазақ әйелінің еңбегін Үкімет орынды бағалады. Ол КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен 1948 жылы 28 наурызда Социалистік Еңбек ері атағына ие болды. Сонымен қатар Аударбекова Тәшенбала 1950-1959 жылдары Талдықорған облыстық Совет депутаты қызметін атқарып қана қоймай, колхозшылардың әлеуметтік-мәдени жағдайын көтеруге, рухани көңіл-күйін өсіруге аса көңіл бөлді. Аударбекова Тәшенбала күйеуі Шақан екеуі тату-тәтті өмір сүріп, ұрпақ өсіріп, олардың жоғары білім алуына толық жағдай жасаған ана. Социалистік Еңбек Ері Аударбекова Тәшенбала өз аузынан айтылған естелік сөзі : « Данагөй аталарымыз «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер» деуші еді ғой. Бәрі ақиқат Маңдайы терлеген жанның өтеуі қайтары хақ. Бұған енді «Жер-ырыстың кіндігі, білім – ырыстың тізгіні» дегенді сабақтаңыз. Сонда бақытын еңбектен тапқан адамның табиғи болмыс – бітімі айқындалып шыға қалса керек-ті. Маңдайын күн қақтаған қызылшашы құрбыларымыз бар күш жігер сала атқарған ісіміз өу бастан –ақ берекелі болып келді. Аса жемісті жылымыз ілкіде өзім тоқталып өткен 1948 жылға тұспа тұс келді. Бекітіліп берілген зөө алқабының гектар басына 821центнерден тәтті түбір айналдырдық, бұл өрен табысымызды ел – жұрт ауыздан – ауызға көшіріп, дуылдатып өкертті. - Ташенбала, звено биыл өрледі. Рахмет өз үлесін тауда. Колхозымыздың беделін бір көтеріп тастадың. Қазір жоғары жаққа тиісті құжаттарды қамдап жатырмыз. Құдай қаласа, Мәскеудегілер қолдап жатса батырдың жүлдызын омырауыңа қадап қаларсың, - деді жиын үстінде колхозымыздың басқарма бастығы Нұрмолда Алдабергенов. Бұл сөзге кәдімгідей қанаттанып қалдым. Іргелес өңірлерде жастығына қарамастан еселі еңбек еткендердің Социалистік Еңбек Ері атанып жатқандықтарынан хабарым бар. «Облысымыз, одан әрі республикамыз ұсынып жатса –басқалардан біз кем соқпаса керек» деп қояды іштей өз ойым. Несін айтасыз, келер жылы, яғни 1948 жылдың жер дүние қайталай талмаурап жасарған шағында – көктемде көптен күткен қуанышты хабар жыл құсындай жетті-ау қанатымен өреки соққан жүрегімізді демдеп. Мамыр айында КСРО Жоғарғы Совет Президиумының Жарлығымен бір топ отандастарымыздың қатарында мен де сол Социалистік Еңбек Ері атандым.Осы еңбектің арқасы ғой».- деген екен. Социалистік Еңбек Ері Аударбекова Тәшенбала 1961 жылда зейнетке шығып, 1988 жылы қараша айында дүниеден өтеді. Социалистік Еңбек Ері атағын алып, абыройға ие болған аруаның тек ерен еңбегімен ғана емес, өмірге өнегелі ұрпақ әкеліп, олардың әрқайсысын тәрбиелеп оқытып, азамат етіп шығарғандығы үшін де Отан бүкіл ел алдындағы мәртебесі биік. Асыл ана Аударбекова Ташенбала бұл жеткен биік мәртебесі ешқашанда аласармақ емес. Ж.Ахатаева, Н. Алдабергеновтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі



Мәрия Сандуғашқызы, Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы

САЛТ-ДӘСТҮР – САНАМЫЗДЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Қазақ халқының салт-дәстүрі – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра. Салт-дәстүр – халықтың өмір сүру дағдысы, әдет-ғұрпы, дүниетанымы мен тәрбиесінің айнасы. Әрбір дәстүрдің астарында терең мән, үлкен тағылым жатыр. Сондықтан қазақ халқы қашанда ата салтын ардақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Салт-дәстүрдің басты мақсаты – адамды адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу. Мысалы, бесікке салу, тұсау кесу, беташар, шашу шашу сияқты дәстүрлердің барлығы да ізгі ниет пен ақ тілектен туған. Үлкендердің бата беруі – жас ұрпаққа ақ жол тілеудің белгісі. «Батамен ел көгерер» деген сөз бекер айтылмаған. Қазақ халқында қонақжайлық ерекше орын алады. «Қонақ келсе – құт» деп, келген адамды құрметпен қарсы алып, дастарқан жайған. Бұл – халқымыздың кеңпейілділігі мен мейірімділігін көрсететін асыл қасиет. Салт-дәстүр тек мереке немесе рәсім ғана емес, ол – тәрбиенің негізі. Бала кішкентайынан үлкенге сәлем беріп, ізетті болуға үйретілген. Қыз балаға инабаттылық, ұл балаға батырлық пен жауапкершілік сіңірілген. Осындай тәрбиенің арқасында ел бірлігі сақталған. Қазіргі заманда да салт-дәстүрдің маңызы зор. Технология дамыса да, ұлттық құндылықтарды ұмытпау – әр қазақтың парызы. Дәстүрін құрметтеген халықтың болашағы жарқын болады. Қорытындылай келе, қазақтың салт-дәстүрі – ұлттың рухани қазынасы. Оны сақтау, қадірлеу және кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз.

Мәрия Сандуғашқызы, Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ҰЛЫ АҚЫННЫҢ МҰРАЛАРЫ

Жалғызғаш ауылдық кітапханасында Жамбыл Жабаевтың – 180 жыл толуына орай «Ұлы ақынның мұралары» тақырыбында 6-шы сынып оқушылар арасында кітап көрмесі өткізілді. 1846 жылы Жамбыл тауының баурайында дүниеге келген. Айтыс өнерінің шебері, халық поэзиясын жаңа деңгейге көтерген жырау. 1945 жылы дүниеден өтті. Жамбыл – суырыпсалма ақын. Ол көптеген айтыстарға қатысқан. Айтыс – қазақтың сөз өнерінің биік үлгісі. Жамбылдың айтыстары халықтың мұң-мұқтажын, елдің арманын жырлады. Ленинградтық өренім – жауынгерлерге жігер берген әйгілі өлең. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбылдың жырлары халыққа рух берді. Кітап көрмесі оқушыларға Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау және ақын поэзиясындағы елдік рух, патриотизм, халықтық дәстүрді таныту, оқушыларды жыр өнеріне қызықтыру, кітап оқуға деген ынтына арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Жамбыл поэзиясының ерекшеліктері: Қарапайым тіл, терең мазмұны, елдік рух, әділеттілік идеясы. Жамбыл Жабаев – ғасыр жасаған ұлы ақын. Оның жырлары – халықтың рухани қазынасы. Ұлы ақынның мұрасын оқу – өткенді тану, ұлттық рухты сезіну. Кітап – мұраның алтын көпірі. Сол көпірден өтіп, рухани бай болайық. Г.Сыдықова, Жалғызғаш ауылдық кітапханашысы.

КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Коронавирус инфекциясы – тыныс алу жолдарын зақымдайтын жұқпалы ауру. Бұл инфекция бүкіл әлемге кең таралып, адамдардың денсаулығына үлкен қауіп төндірді. Сондықтан аурудың алдын алу шараларын сақтау әрбір адам үшін маңызды. Коронавирус негізінен ауа-тамшы жолы арқылы жұғады. Яғни науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескен кезде вирус қоршаған ортаға таралады. Сонымен қатар вирус ластанған заттар мен беттер арқылы да жұғуы мүмкін. Осы себепті жеке бас гигиенасын сақтау – аурудың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі. Ең алдымен, қолды жиі сабынмен жуып тұру қажет. Әсіресе қоғамдық орындардан келгеннен кейін, тамақ ішер алдында және көшеден келген соң қолды мұқият жуу маңызды. Егер қол жууға мүмкіндік болмаса, антисептикалық құралдарды қолдану көшеделі. Сонымен қатар адамдар көп жиналатын орындарда медициналық маска тағу ұсынылады. Маска тыныс алу жолдарын вирустың енуінен белгілі бір деңгейде қорғайды және инфекцияның таралу қаупін азайтады. Жөтелу немесе түшкіру кезінде ауыз бен мұрынды бір рет қолданылатын майлықпен немесе шынтақпен жабу керек. Қолмен жабу ұсынылмайды, өйткені қол арқылы вирус басқа заттарға таралуы мүмкін. Иммунитетті күшейту де маңызды рөл атқарады. Дұрыс тамақтану, дәрмендерге бай тағамдарды пайдалану, таза ауада серуендеу, жеткілікті ұйқы және дене белсенділігі адамның ағзасын түрлі инфекцияларға қарсы төзімді етеді. Егер дене қызуы көтеріліп, жөтел, тамақ ауруы немесе әлсіздік сияқты белгілер пайда болса, өз бетінше емделмей, медициналық мекемеге жүгінген дұрыс. Уақытында дәрігерге қаралу аурудың асқынуын болдырмауға көмектеседі. Қорытындылай келе, коронавирус инфекциясы алдын алу – әр адамның жауапкершілігі. Қарапайым гигиеналық талаптарды сақтау, сақтық шараларын орындау арқылы өзімізді де, айналамыздағы адамдарды да қауіпті инфекциядан қорғай аламыз. Е.Сейсембинов, Ескелді СЭБ басқарма басшысы

ТУБЕРКУЛЁЗ – ЖАЗЫЛМАЙТЫН ДЕРТ ЕМЕС

Туберкулёз – адамзатқа ертеден белгілі жұқпалы аурулардың бірі. Көптеген адамдар бұл дертті өте қауіпті ері жазылмайтын ауру деп ойлайды. Алайда қазіргі медицина жетістіктерінің арқасында туберкулёз толық емделетін аурулардың қатарына жатады. Ең бастысы – ауруды дер кезінде анықтап, дәрігердің нұсқауын толық орындау. Туберкулёздің қоздырғышы – микобактериялар, олар көбінесе өкпені зақымдайды. Ауру көбіне ауа арқылы жұғады, яғни науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескен кезде айналадағы адамдарға жұғуы мүмкін. Сондықтан бұл аурудың алдын алу және ерте анықтау өте маңызды. Туберкулёздің негізгі белгілеріне ұзақ уақытқа созылған жөтел, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, түнгі тершеңдік, тәбеттің төмендеуі және салмақ жоғалуы жатады. Осындай белгілер байқалған жағдайда уақыт өткізбей, міндетті түрде медициналық мекемеге барып тексерілуі қажет. Қазіргі таңда туберкулёзді емдеудің тиімді әдістері бар. Науқас арнайы туберкулёзге қарсы дәрілерді белгілі бір уақыт бойы тұрақты түрде қабылдайды. Емдеу курсы әдетте бірнеше айға созылады. Егер науқас дәрігердің барлық нұсқауларын дұрыс орындаса, туберкулёз толық жазылады. Бұл аурудың алдын алуда профилактикалық тексерулердің маңызы зор. Әсіресе жыл сайын флюорографиялық тексеруден өтіп тұру қажет. Сонымен қатар дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, иммунитетті күшейтеу де аурудың алдын алуға көмектеседі. Қоғамда туберкулёзбен ауыратын адамдарға қатысты теріс көзқарас қалыптаспауы тиіс. Олар да уақытында ем алып, толық сауығып кететін жандар. Сондықтан науқастарға түсіністікпен қарап, қолдау көрсету маңызды. Қорытындылай келе, туберкулёз – жазылмайтын дерт емес. Уақытында анықталып, дұрыс ем қабылданған жағдайда бұл аурудан толық айығуға болады. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, профилактикалық тексерулерден уақытылы өтіп отырса, қоғамда бұл аурудың таралуын азайтуға болады. Е.Сейсембинов, Ескелді СЭБ басқарма басшысы

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасында облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаевтың төрағалығымен кеңейтілген алқа отырысы өтті. Отырысқа Денсаулық сақтау басқармасының, медициналық ұйымдардың, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті департаментінің, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшылары, сондай-ақ салалық кәсіподақ өкілдері қатысты. Алқа отырысында облыстың денсаулық сақтау жүйесінің 2025 жылғы жұмысының қорытындылары шығарылды.

Жалпы алғанда, облыста сақтандырылмаған тұрғындар санының азаюы бойынша оң динамика байқалады. Бұл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде мүмкін болды. Атап айтқанда, әлеуметтік әл-ауқаты төмен азаматтар («D» және «E» санаттары) медициналық көмекке жүгінген жағдайда олардың МӘМС жүйесіне жарналары жергілікті бюджет есебінен төленеді. Бұл тәртіп жұмыссыз азаматтарға да қолданылады.

Осылайша, 2026 жылдың қаңтар айында облыста аталған санаттағы 29 773 адам сақтандырылған мәртебесіне ие болып, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық көмек алу мүмкіндігіне ие болды. 2025 жылы облыстың денсаулық сақтау жүйесінің бюджеті 86,5 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 48,0 млрд теңге (47%) тегін медициналық көмектің көпіндендірілген көлеміне (ТМККК), ал 38,5 млрд теңге (53%) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне бағытталды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша медициналық қызметтердің сапасын бақылау және көрсетілген қызметтерді мониторингтеу барысында медициналық көмек көрсету кезінде анықталған кемшіліктер санының алдыңғы жылмен салыстырғанда 52,9%-ға артқаны тіркелді. Бұл «Сақтандыру» ақпараттық жүйесінің және «Медициналық көмекті төлеудің бірыңғай жүйесі» қосалқы жүйесінің енгізілуімен, экстерриториялық сараптаманың жүргізілуімен, сондай-ақ Жетісу облысындағы медициналық қызмет көрсетушілер арасында лицензиясыз қызмет көрсету фактілерінің анықталуының артуымен байланысты.

2025 жылы жоспардан тыс мониторинг шеңберінде 266-дан астам тексеру жүргізілді. Оның нәтижесінде шамамен 473 млн теңге сомасына 66 мыңнан астам бұзушылықтар анықталды. Жекелеген фактілер бойынша қаржылық санкциялар қолданылды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ПОДВЕЛИ ИТОГИ РАБОТЫ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ ЗА 2025 ГОД

В Управлении здравоохранения области Жетісу состоялась расширенная коллегия под председательством заместителя акима области Марлена Кольбаева. В заседании приняли участие руководители управления здравоохранения, медицинских организаций, филиала Фонда социального медицинского страхования, департаментов Комитета медицинского и фармацевтического контроля, санитарно-эпидемиологического контроля, а также представители отраслевого профсоюза. В ходе заседания были подведены итоги работы системы здравоохранения области за 2025 год.

В целом отмечена положительная динамика снижения количества незастрахованных жителей области. Это стало возможным благодаря изменениям, внесенным в законодательство об обязательном социальном медицинском страховании. Так, за граждан с низким уровнем социального благополучия (категории «D» и «E») при их обращении за медицинской помощью взносы в систему ОСМС оплачиваются за счёт местного бюджета — аналогично категории безработных.

Так, в январе 2026 года в области 29 773 человека из указанных категорий получили статус застрахованных, что позволило им получать медицинскую помощь в системе обязательного социального медицинского страхования.

Бюджет системы здравоохранения области в 2025 году составил 86,5 млрд тенге, из них 48,0 млрд тенге (47%) направлено на гарантированный объём бесплатной медицинской помощи (ГОБМП) и 38,5 млрд тенге (53%) — на систему обязательного социального медицинского страхования (ОСМС).

По итогам 2025 года в ходе контроля качества и мониторинга оказанных медицинских услуг зафиксирован рост количества выявленных дефектов при оказании медицинской помощи на 52,9% по сравнению с предыдущим годом. Это связано с внедрением информационной системы «Сақтандыру» и подсистемы «Единая система оплаты медицинской помощи», проведением экстерриториальной экспертизы, а также повышением выявляемости случаев безлицензионной деятельности среди поставщиков медицинских услуг в области Жетісу.

В рамках внепланового мониторинга в 2025 году проведено более 266 проверок. По их итогам выявлено свыше 66 тысяч дефектов на сумму около 473 млн тенге. По отдельным фактам применены финансовые санкции.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования»

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША INVESTENPREKZ БІРЫҢҒАЙ ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМАСЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасының іске қосылғаны туралы хабарлайды. Платформа инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) туралы барлық ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктірді және ұсынылатын инвестициялық қызмет туралы деректердің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Жобаның мақсаты – зейнетақы активтерінің кірістілігі туралы деректерді жариялауды үндестіру және инвестициялау нәтижелеріне әсер ететін факторларды түсіндіру арқылы халықты хабардар етуді арттыру және зейнетақы активтерін инвестициялау тетіктеріне қатысты тұрақты түсінік қалыптастыру.

Инвестициялық басқару жөніндегі бірыңғай ақпараттық интернет-платформа – бұл салымшыларға зейнетақы инвестицияларын онлайн-режимде талдауға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық ресурс.

Пайдаланушыларға зейнетақы жинақтарының жүйесі, бағалы қағаздар, инвестициялау стратегиялары (критерийлері), базалық ұғымдар, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы, сондай-ақ ИПБ-лардың қаржылық көрсеткіштері, санкциялар мен ықпал ету шаралары туралы ақпарат, ИПБ-лардың реттеушілік талаптарды сақтауы туралы деректер және салымшыларға ИПБ-ның өзіндік портретін жасауға мүмкіндік

беретін өзге де мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Платформа кірістілік туралы ақпаратқа ыңғайлы және құрылымдалған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, белгіленген кезеңдер бойынша сенімгерлік басқарушылардың (ҚРҰБ және ИПБ) басқаруындағы зейнетақы активтерінің портфельдері бойынша түрлі деректерді салыстыруға мүмкіндік береді. Салымшы инвестициялық портфельдерді өз бетінше бағалауға, сондай-ақ басқарушыны және оның мақсаттары мен үміттеріне бейімделген инвестициялау стратегиясын таңдауға арналған құралдарға қол жеткізе алады.

Осылайша, бірыңғай интернет-платформа салымшылардың зейнетақы капиталын басқаруға және саналы түрде өзінің қаржылық болашағын қалыптастыруға барынша қатысуына ықпал ете отырып, зейнетақы жүйесіндегі цифрлық сервистерді дамытудың маңызды элементіне айналады. Платформаның негізгі мүмкіндіктері

1. Ақпараттың көрнекілігі мен қолжетімділігі
Барлық деректер пайдаланушылардың кең ауқымы үшін ыңғайлы және түсінікті форматта ұсынылған, бұл салымшыға өз қаражатының қайда және қалай инвестицияланатынын анық түсінуге мүмкіндік береді.

2. ИПБ кірістілігі мен

көрсеткіштерін салыстыру

Платформа ИПБ-ларды портфель құрылымының кірістілігі, зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің құны, сондай-ақ қаржылық көрсеткіштер мен инвестициялық қызмет нәтижелері сынды негізгі параметрлер бойынша салыстыруға мүмкіндік береді.

3. Инвестициялық стратегияны саналы түрде таңдау

Салымшы инвестициялық декларацияларды дербес зерделей алады және зейнетақы жинақтарын зейнетақы активтерін инвестициялық басқару критерийіне сәйкес таңдаған ИПБ-ға басқаруға беру туралы шешім қабылдай алады.

4. Салымшының толық ақпараттық бақылауы

Қажетті талдау жүргізе отырып, пайдаланушы Порталдан жеке кабинетке өту арқылы өзінің жеке зейнетақы активтері туралы егжей-тегжейлі ақпарат алады. Қажет болған жағдайда ИПБ-ға міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жарналарының 100%-на дейін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асыра алады.

Жеке кабинеттің функционалы

Жеке кабинетте салымшы:
- ҚР ҰБ/ИПБ-дан/ға аудару/қайтару үшін қолжетімді соманы тексере алады;

- ИПБ таңдау (өзгерту туралы) туралы немесе ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруға қайтаруға өтініш беру

БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ



2026 жылдың 25 ақпан-04 наурыз күндері аралығында Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында бокстан жасөспірім (қыздар) арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 20 командада 184 спортшы қатысты. "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің спортшы Әбдіғани Елдана қатысып, жарыс қорытындысы бойынша 3 медаль иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ. БЕЙІСПЕКОВ СЕРІК

Адильбеков Қапалбай Куатұлы

"Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Басшы

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ



2026 жылдың 01-05 наурыз күндері аралығында Талдықорған қаласында үстел теннисінен 2005-2008, 2009-2013, 2015 ж.т. және одан кіші жасөспірімдер, ересектер мен ардагерлер арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті.

Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 8 командада 100 ден аса спортшы қатысты. "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 14 спортшысы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша 2013-2014 ж.т. қыздар командасы (Нуршат Элина, Ринатқызы Айару, Ерғизат Аяжан) 3 медаль, Жолдас Алим 3 медаль иеленді.

40 жас және одан асқандар арасында Амангелдіұлы Қанат 1 медаль иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРЫ. АМАНГЕЛДІҰЛЫ ҚАНАТ, ОТАН МҰСХАП

Адильбеков Қапалбай Куатұлы

"Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Басшы

қағидаларымен және шарттарымен таныса алады;

- ИПБ таңдау (өзгерту туралы) немесе ҚР ҰБ-ға қайтару туралы өтініш беріп, оның мәртебесін қадағалай алады;

- басқа да қолжетімді зейнетақы қызметтерін алуға мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ-ның цифрлық сервистерін дамыту

БЖЗҚ салымшылар үшін ыңғайлы ету және олардың қажеттіліктеріне назар аударатырып, цифрлық сервистерді тұрақты негізде жетілдіріп келеді.

01.01.2025 ж. бастап 31.12.2025 ж. дейінгі кезеңде Қор халыққа 43,3 млн. қызмет көрсетті. Олардың жалпы санының 27,2 млн-ы – электрондық форматта, 14,7 млн-ы – автоматты түрде. Осылайша автоматты, электронды және қашықтағы форматтағы

қызметтердің үлесі жалпы санның 97,9%-ын құрады.

Салымшылардың веб-сервистер арқылы кез-келген уақытта жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алуға, деректемелерге өзгерістер енгізуге мүмкіндігі бар. Жеке кабинеттің басты бетіндегі жаңалықтармен танысып, төлемге өтініш беріп, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға, басқарушы компанияны ауыстыруға немесе активтерді ҚРҰБ басқаруына қайтаруға өтініш бере алады және онлайн режимде берілген өтініштердің мәртебесін қадағалай алады.

БЖЗҚ-ның цифрлық экожүйесі бүгінде зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін, жеделдігін және ашықтығын қамтамасыз етеді және Қордың салымшылармен өзара іс-қимылының негізгі арнасы болып табылады.

ЕНПФ ЗАПУСКАЕТ ЕДИНУЮ ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМУ ПО ИНВЕСТИЦИОННОМУ УПРАВЛЕНИЮ ПЕНСИОННЫМИ АКТИВАМИ INVEST.ENPF.KZ

ЕНПФ информирует о запуске единой информационной интернет-платформы по инвестиционному управлению пенсионными активами граждан invest.enpf.kz. Платформа объединяет всю ключевую информацию об управляющих инвестиционными портфелями (УИП) в одном цифровом пространстве и обеспечивает системный подход к предоставлению данных об инвестиционной деятельности.

Целью проекта является повышение информирования населения и формирование устойчивого понимания механизмов инвестирования пенсионных активов за счёт синхронизации публикации данных о доходности пенсионных активов и разъяснения факторов, влияющих на результаты инвестирования.

Единая информационная интернет-платформа по инвестиционному управлению - это современный цифровой ресурс, предоставляющий вкладчикам возможность в онлайн-режиме анализировать пенсионные инвестиции.

На казахском и русском языках пользователям доступны сведения о системе пенсионных накоплений, ценных бумагах, стратегиях (критериях) инвестирования, базовых понятиях, структуре размещения пенсионных активов, а также финансовые показатели УИП, информация о санкциях и мерах воздействия, данные о соблюдении УИП регуляторных требований и иные сведения, позволяющие вкладчикам составить свой портрет УИП и его инвестиционной деятельности.

Платформа обеспечивает удобный и структурированный доступ к информации о доходности, позволяет в динамике по заданному диапазону периодов сопоставлять различные данные по портфелям пенсионных активов, находящимся в управлении доверительных управляющих (НБРК и УИП). Вкладчик получает инструменты для самостоятельной оценки инвестиционных портфелей, а также выбора управляющего и его стратегии инвестирования, адаптированных под свои цели и ожидания.

Таким образом, единая интернет-платформа становится важным элементом развития цифровых сервисов в пенсионной системе, способствуя более осознанному участию вкладчиков в управлении пенсионным капиталом и формировании своего финансового будущего.

Ключевые возможности платформы

1. Наглядность и доступность информации
Все данные представлены в удобном формате для широкого круга пользователей, что позволяет вкладчику ясно понимать, куда и каким образом инвестируются его средства
2. Сравнение доходности и показателей УИП
Платформа позволяет сравнивать УИП по ключевым параметрам: доходности структуре портфеля, стоимости условной единицы пенсионных активов, а также по финансовым показателям и результатам инвестиционной деятельности
3. Осознанный выбор инвестиционной стратегии
Вкладчик может самостоятельно изучать инвестиционные декларации и принимать решение о передаче пенсионных накоплений в управление выбранному УИП согласно его критерию инвестиционного управления пенсионными активами.
4. Полный информационный контроль вкладчика
Проведя необходимый анализ, пользователь путем перехода с Портала в личный кабинет получает детализированную информацию о своих персональных пенсионных активах. В случае необходимости, может осуществить перевод в УИП до 50% обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и до 100% добровольных пенсионных взносов в доверительное управление УИП.

Функционал личного кабинета

- В личном кабинете вкладчик может в том числе:
- проверить доступную сумму для передачи/возврата в/из УИП/НБ РК;
 - ознакомиться с правилами и условиями подачи заявления о выборе (об изменении) УИП или на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление НБ РК;
 - подать заявление о выборе (об изменении) УИП или на возврат в НБ РК и отслеживать его статус;
 - получить другие доступные пенсионные услуги.

Развитие цифровых сервисов ЕНПФ

ЕНПФ на постоянной основе совершенствует цифровые сервисы, ориентируясь на удобство и потребности вкладчиков.

За период с 01.01.2025 г. по 31.12.2025 г. Фондом оказано населению 43,3 млн услуг. Из их общего количества 27,2 млн проведено в электронном формате, в автоматическом – 14,7 млн. Таким образом, доля услуг в автоматическом, электронном и удаленном форматах составила 97,9 % от общего количества.

Через веб-сервисы вкладчики могут в любое время сформировать выпуск с индивидуального пенсионного счёта, внести изменения в реквизиты, ознакомиться с новостями на главной странице личного кабинета, подать заявление на выплату, а также подать заявление на перевод пенсионных накоплений в УИП, смену управляющей компании или возврат активов под управление НБРК и отслеживать статус поданных заявлений в режиме онлайн.

Цифровая экосистема ЕНПФ на сегодняшний день является ключевым каналом взаимодействия Фонда с вкладчиками, обеспечивая доступность, оперативность и прозрачность пенсионных услуг.

НАЧИСЛЕННЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД КАЗАХСТАНЦЕВ ЗА 12 МЕСЯЦЕВ СОСТАВИЛ 2,28 ТРЛН ТЕНГЕ

В результате инвестиционной деятельности Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) по управлению пенсионными активами, а также вследствие волатильности курсов иностранных валют и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов размер начисленного инвестиционного дохода за последние 12 месяцев с февраля 2025 года по январь 2026 года составил порядка 2,28 трлн тенге, доходность за данный период составила 9,74%.

Важно отметить, что доходность пенсионных активов за отдельные краткосрочные периоды времени не является показателем эффективности их управления, поскольку доходы в виде вознаграждения по финансовым инструментам и другим операциям, начисленные за короткий промежуток времени, не всегда покрывают колебания стоимости ценных бумаг и курсов валют за данный период. Поэтому объективный анализ размера инвестиционного дохода целесообразно делать за более длительный период времени.

В средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превышающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений. Накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году по состоянию на 1 февраля 2026 года с нарастающим итогом составила 1 173,15% при инфляции за весь период 952,32%.

По состоянию на 1 февраля 2026 г. накопленный с 2014 года (после объединения пенсионных активов в ЕНПФ) чистый инвестиционный доход составил 13,99 трлн тенге. С учетом произведенных выплат его доля в общем объеме пенсионных накоплений вкладчиков (получателей) составляет 41,5%, что свидетельствует о существенной роли инвестиционной деятельности в структуре накоплений граждан.

Также отметим, что вкладчики имеют право на перевод части пенсионных активов (до 50% пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и до 100% пенсионных накоплений за счет добровольных пенсионных взносов) в управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП), соответствующим требованиям регулятора.

В сравнении более консервативным управлением НБРК, направленным на сохранность пенсионных активов и обеспечение их положительной доходности в долгосрочном периоде, инвестиционные декларации УИП и требования регулятора предусматривают более широкие инвестиционные возможности УИП в целях повышения доходности пенсионных активов (при этом риски в УИП также выше).

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов под управлением НБРК с учётом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлывшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Статистика и аналитика/Инвестиционное управление пенсионными активами».

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕРІ: ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ, Қор) белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған адамдарға (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас), сондай-ақ мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақытылы жүгінуі қажет. Мұны зейнет жасына дейін 10 күн қалғанда жасауға болады.

Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Егер алушы өтініш берген күні зейнет жасына толып қойған болса, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-ға тіркелген күні өтініш берілген күн болып есептеледі.

Ал азамат зейнетақы төлемін алуға зейнет жасына толғанға дейін, ертерек жүгінген болса, зейнет жасына толған күн – өтініш берілген күн болып есептеледі. Өткізіп алған уақыт үшін мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемі тағайындалмайтынын есте ұстаған жөн.

Сондай-ақ, бюджеттен зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін де уақытылы жүгіну маңызды, өйткені оларды тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша еңбек өтілі тексеру қажет.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ зейнетақы төлеміне өтініш бермеген тұлғалар бойынша Қор жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтардың жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің болуы тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді. Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған жағдайда, БЖЗҚ алушыларға мемлекеттік корпорациямен жасасқан тиісті келісім шеңберінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде ХҚКО-ға ұсынған банктік деректемелері бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру проактивті (өтінішсіз) қызметін көрсетеді.

Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ сайтындағы (enpf.kz) немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін көшпелі қызмет көрсетудің ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала ақыл-кеңес, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқайда бармай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады.

БЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасы басталғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Бұған қоса, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері белгіленген мүгедектік тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдарға да беріледі.

Жасы бойынша немесе мүгедектікке байланысты ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға өтінішті enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте онлайн-форматта беруге болады. Төлемдерді алу кестесін салымшы дербес белгілейді.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

enpf.kz сайтындағы "Қызметтер – Зейнетақы төлемдері – Кесте бойынша төлемдер" бөлімінде зейнетақы төлемдерінің түріне, құжаттарды беру тәсіліне, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарға байланысты құжаттардың тізбесі, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

"БЖЗҚ" АҚ қауіпсіздік және салымшыларға қатысты алаяқтықтың алдын алу мақсатында төмендегілерді еске салады:

- Зейнетақы төлемдерін ресімдеу делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі;
- БЖЗҚ қызмет көрсету кезінде ақы алмайды, барлық төлемдер қатаң түрде заң бойынша жүзеге асырылады;
- Мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗҚ қызметкерлері ешқашан телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты сұрапмайды;
- Егер қоңырау шалушылар Сіздің аты – жөніңізді атап, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орныңызды білсе, бұл олардың ресми тұлға екендіктерін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын әртүрлі тәсілдермен алуға болады.

БЖЗҚ қатаң ескертеді! Ақпаратты ресми көздерден алыңыздар және тек заң шеңберінде әрекет етіңіздер.

Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

Сақтық шараларын алдын ала қабылдаңыз, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алушы, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алушы жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Жастар туған мемлекетімізді бағанды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-жақты сезіну керек.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Дегеннен тәрбиесі мол. «Тәртіпке бас ізген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық

тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Осыған байланысты жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру – жан-жақты тәрбиенің маңызды бір саласындағы жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесі болып табылады.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық пен қылмыстың болмауына көп септігін тигізер бірден бір себеп болатын еді. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екені ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны, заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру - құқықтық

сананың негізгі белгілері болып табылады.

Жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеп қана қою жеткіліксіз. Ол үшін ұлттық идеологияны күшейтіп, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дархан пейілін, ұлтжандығын қайсарлығын насихаттап көрсете білуіміз керек. Сонда ғана жоғарыда айтылғандар жүзеге асып, өз Отанын сүйетін, абыройын асқақтата алатын шын мәніндегі жанашыр жалынды жастарды тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Әскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, қатыгездіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету – біздің басты парыз. Сондықтан да, жаһандану үрдісі басым болып, батыстық өркениетке еніп келе жатқан қазіргі кезеңге жас жеткіншектерді жаңа заман талабына сай озық ұлттық дәстүр рухы негізінде тәрбиелеп, игі нәтижелерге жету жолында аянбай еңбек етейік.

«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

КӨЛІК САЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕП, ТӨЛЕУГЕ БОЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 566-бабына сәйкес, көлік құралдарына салынатын салықты салық төлеуші өз бетінше есептейді.

Салық сомасын келесі тәсілдер арқылы есептеуге болады:
- Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz порталындағы «Көлік салығын есептеу» электрондық сервисі арқылы;
- «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасындағы «Калькуляторлар» бөлімінде.

Есептеу үшін келесі мәліметтерді көрсету қажет:
- салық есептелетін жыл – 2025 жыл;
- көлік құралын нақты иеленген айлар саны;
- көлік құралының түрі;
- қозғалтқыш көлемі.
Салық мөлшерлемесі айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) мөлшеріне және көлік құралы қозғалтқышының көлеміне байланысты белгіленеді.

Бұл ретте салықты есептеу кезінде тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы қолданыстағы АЕК мөлшері қолданылады.

Мысалы, 2025 жылға арналған көлік салығын есептеу үшін 1 АЕК – 3 932 теңге мөлшерінде алынады.

Көлік құралдарына салынатын салық жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша төленеді.

Банктер немесе банкоматтар арқылы төлем жасаған кезде келесі деректемелерді көрсету қажет:

- бюджеттік сыныптама коды (БСК) – 104402;
- төлем мақсатының коды (ТМК) – 911;
- өсімшөл үшін ТМК – 912.

Салықты төлеу үшін көлік құралының VIN-кодын білу қажет. VIN-код – көлік құралының 17 таңбадан тұратын бірегей нөмірі. Ол көлік құралының техникалық паспортында көрсетіледі:

- жеңіл автомобильдер үшін – бұл кузов нөмірі;
- жүк автомобильдері үшін – шасси нөмірі.

Көлік құралы болмаған жағдайда (ұрлану немесе басқа да себептер бойынша) иесі тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына осы фактіні растайтын уәкілетті мемлекеттік органның мәліметтерін ұсынуы қажет.

Жеке тұлғалардың 2025 жылға арналған көлік салығын төлеу мерзімі – 2026 жылғы 1 сәуірден кешіктірілмей.

Құрметпен,
Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері осы жылдар ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады.


Сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.

Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үдесінен шығатынымыз сөзсіз.

Қазақстан халқы өз алдына ел болып, еңсесі биік жоғарғы мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

А.ИСЕМБАЕВА,
«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА: ЖАҢА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ



Құрметті тұрғындар!
Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көп бөлігі енді электрондық форматта қолжетімді. «eGov.kz» порталы, eGov Mobile қосымшасы және ХҚКО-дағы өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары арқылы қызметтерді жылдам әрі кезексіз рәсімдеуге болады.

Онлайн қолжетімді қызметтер:

- Әділет және әлеуметтік қызметтер
- Жәрдемақы, төлемдер, әлеуметтік статус
- Мүлікке қатысты анықтамалар
- Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер
- Кәсіпкерлерге арналған қызметтер
- Қызметтерді дұрыс пайдалану үшін:
- Тек ресми ресурстарды қолданыңыз: eGov.kz, Cabinet.egov.kz, eGov Mobile
- Өтініш берерде ЖСН, мекенжай және жеке деректерді мұқият тексеріңіз
- ЭЦҚ кілтін жаңартып отырыңыз
- SMS-кодтарды, құпиясөзді ешкімге бермеңіз

Жеке деректерді қорғаудың негізгі шаралары:

- ЭЦҚ-ны басқа адамға бермеу
- Бөгде құрылғыдан авторизация жасамау
- Телефонда құпия код немесе Face ID қосулы болу
- * Жалған сайттарға кірмеу, күмәнді сілтемелерді ашпау
- Жеке куәліктің фотосын бөгде адамдарға жібермеу

Электрондық қызметтерді дұрыс пайдалану уақытты үнемдейді және қызмет сапасын арттырады.

Қосымша ақпарат пен кеңес алу үшін 1414 Call Center-іне хабарласыңыз.

А.Исембаева (87283651090),
«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы

КАК РАССЧИТАТЬ И ОПЛАТИТЬ НАЛОГ НА ТРАНСПОРТ

Согласно статье 566 Налогового кодекса Республики Казахстан, налог на транспортные средства исчисляется налогоплательщиком самостоятельно.

Рассчитать сумму налога можно с помощью:
- электронного сервиса «Расчет налога на транспорт» на портале Комитета государственных доходов МФ РК kgd.gov.kz;
- мобильного приложения «e-Salyq Azamat» в разделе «Калькуляторы».

Для расчета необходимо указать:
- год исчисления налога – 2025 года;
- количество месяцев фактического владения транспортным средством;

- вид транспортного средства;
- объем двигателя.

Ставка налога зависит от размера месячного расчетного показателя (МРП) и объема двигателя транспортного средства.

При этом для расчета налога применяется МРП, действующий на 1 января соответствующего финансового года.

Например, для расчета налога за 2025 год используется МРП – 3 932 тенге.

Налог на транспортные средства оплачивается по месту жительства физического лица.

При оплате через банки или банкоматы необходимо указать следующие реквизиты:

- код бюджетной классификации (КБК) – 104402;
- код назначения платежа (КНП) – 911;
- КНП для пени – 912.

Для оплаты налога необходимо знать VIN-код – уникальный номер транспортного средства, состоящий из 17 символов.

Он указан в техническом паспорте автомобиля:

- для легковых автомобилей – это номер кузова;
- для грузовых – номер шасси.

В случае отсутствия транспортного средства (в результате угона либо по иным причинам) владельцу необходимо предоставить в управление государственных доходов по месту жительства сведения из уполномоченного государственного органа, подтверждающие данный факт.

Уплата налога на транспортные средства физическими лицами за 2025 год должна быть произведена не позднее 1 апреля 2026 года.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

НАВАРЛАНДЫРУ

Продаются два дома в п. Карабулак поул. Панфилова — дома №243 и №245. Можно приобрести по отдельности. Уютно больше, удобно для содержания скота. Отличное место для проживания и ведения хозяйства. По всем вопросам обращаться по номеру - 8701 614 9679, 8 747 664 5907.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 379 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
---	---	---	--	--	--	--